

Туркестан облысы, Төлеби ауданы, Алатау ауылдық округы, Екпінді ауылы,
Үштүмсық көшесі №3

«10» 06. 2026 жыл

"Ореховая роща" жазғы сауықтыру лагері

**Кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру
бағдарламасын әзірлеу ҮШІН жүргізілген талдау нәтижелері бойынша
№2 ХАТТАМАЛЫҚ ШЕШІМ**

Төраға Урунбаева
Мүшелер Абдраимова М.
Мирзакулов Т.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қазақстан Республикасының білім беру, тәрбие, балаларды сауықтыру және демалысын ұйымдастыру саласындағы заңнамасына, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін, өмірі мен денсаулығын қорғауды, құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелеріне жүргізілген талдау қорытындылары, сондай-ақ балалардың жас, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, кәмелетке толмағандар мен олардың заңды өкілдерінің қажеттіліктеріне жүргізілген талдау және Ұйымның жұмыс істеу жағдайларын талдау туралы. Жұмыс режимі – маусымдық.

2. Ұйымның кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламасының мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, іске асыру нысандары мен мерзімдерін айқындау туралы. Жұмыс режимі – маусымдық.

**I. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз сөйледі: Комиссия
төрағасы Урунбаева**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы № 147-НҚ бұйрығымен бекітілген Кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының, сондай-ақ олардың құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптардың 5-тармағына сәйкес, кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламасының мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, іске асыру нысандары мен мерзімдерін айқындау мақсатында комиссия 2026 жылғы «01» маусым мен 202 жылғы «30» тамыз аралығында Қазақстан

Республикасының білім беру, тәрбие, балаларды сауықтыру және демалысын ұйымдастыру саласындағы заңнамасына, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін, өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жүргізілген талдауды, сондай-ақ балалардың жас, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, кәмелетке толмағандар мен олардың заңды өкілдерінің қажеттіліктеріне жүргізілген талдауды және Ұйымның жұмыс істеу жағдайларына жүргізілген талдауды жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасының заңнамасына жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Ұйым қызметінің білім беру, тәрбие, балаларды сауықтыру және демалысын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін, өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Кәмелетке толмағандар мен олардың заңды өкілдерінің қажеттіліктеріне жүргізілген талдау, сауалнама жүргізу, пікіртерім ұйымдастыру және балалар демалысын ұйымдастырудың қолданыстағы тәжірибесін зерделеу арқылы жүзеге асырылып, баланың тұлғасын жан-жақты дамытуға, денсаулығын нығайтуға, азаматтық, патриоттық, экологиялық және мәдени құндылықтарды қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін, коммуникативтік дағдыларын және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуға бағытталған бағдарламаларға сұраныстың жоғары екенін көрсетті.

Ұйымның жұмыс істеу жағдайларына жүргізілген талдау нәтижелері бойынша төмендегілеранықталды:

1. Ұйым маусымдық жұмыс істеу режимінде қызметін жүзеге асырады және балалардың демалу кезеңінің барлық мерзімі ішінде білім беру, тәрбиелік және сауықтыру іс-шараларын іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.
2. Ауысымдардың ұзақтығы, күнтізбелік күндер саны және оларды өткізу кезеңділігі балалардың жас ерекшеліктерін, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды ескере отырып айқындалған.
3. Ұйымның материалдық-техникалық базасы мен инфрақұрылымы білім беру, мәдени-демалыс, спорттық-сауықтыру және шығармашылық бағыттардағы іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
4. Кадрлық қамтамасыз ету белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Ұйым қызметіне қажетті біліктілігі мен құзыреттері бар педагогтер, тәрбиешілер, тәлімгерлер, медицина қызметкерлері және өзге де мамандар тартылады.
5. Тұру, тамақтандыру, медициналық сүйемелдеу және санитариялық-тұрмыстық қызмет көрсету жағдайлары санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді және балалардың денсаулығын сақтауға әрі нығайтуға бағытталған.

6. Жергілікті жердің климаттық, табиғи және аумақтық ерекшеліктері белсенді демалысты, сауықтыруды, экологиялық тәрбиені ұйымдастыруға және ашық ауада іс-шаралар өткізуге қолайлы жағдай жасайды.

7. Ұйымдастырушылық мүмкіндіктер күн тәртібін ұтымды ұйымдастыруды, білім беру, тәрбиелік, спорттық-сауықтыру және бос уақытты ұйымдастыру қызметінің оңтайлы кезектесуін, сондай-ақ балалардың демалысы мен күш-қуатын қалпына келтіру нормаларының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

8. Ауысымдардың бейіні балаларға қосымша білім берудің басым бағыттарына сәйкес келеді және зияткерлік, шығармашылық, спорттық, патриоттық, экологиялық, туристік-өлкетану және өзге де бағыттар бойынша бағдарламаларды іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Жүргізілген талдау нәтижелері Ұйымның кәмелетке толмағандардың демалысын, сауықтырылуын, тәрбиесін ұйымдастыру және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық, кадрлық, материалдық-техникалық және әдістемелік әлеуетке ие екенін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының белгіленген талаптарына сәйкес келетінін көрсетті.

2. Сөз сөйлеуші: Абдраимова Малика

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Ұйым қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының білім беру, тәрбие, балаларды сауықтыру және демалысын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін, өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы талаптарына сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды.

Сонымен қатар, Ұйым балалардың сапалы демалысын, сауықтырылуын, тәрбиеленуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті кадрлық, материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық ресурстарға ие. Тұру, тамақтандыру, медициналық сүйемелдеу және бос уақытты ұйымдастыру жағдайлары белгіленген талаптарға сәйкес келеді, бұл ауысым кезеңінде кәмелетке толмағандардың қауіпсіз әрі жайлы болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, жүргізілген талдау нәтижелерін мақұлдау және оларды кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламасын әзірлеу мен одан әрі іске асырудың негізі ретінде пайдалану орынды деп есептеймін.

3. Сөз сөйлеуші: Мирзакулов Талгат

Ұйым кәмелетке толмағандардың демалысын, сауықтырылуын, тәрбиеленуін ұйымдастыру және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Қолда бар кадрлық, материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық және әдістемелік ресурстар Ұйымның қызметін тиісті деңгейде жүзеге асыруға және балалардың толыққанды демалысы, сауықтырылуы мен жан-жақты дамуы үшін қажетті жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген талдау нәтижелерін жеткілікті және объективті деп тануды, сондай-ақ оларды Ұйым қызметін одан әрі ұйымдастыру үшін негіз ретінде пайдалануды ұсынамын.

II. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөз сөйледі: П. М. Жылысбаева

Жүргізілген талдау қорытындылары негізінде Ұйымның кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламасының мақсаттарын, міндеттерін, қысқаша мазмұнын, іске асыру нысандары мен мерзімдерін төмендегідей айқындауды ұсынамын.

Бағдарламаның мақсаты: Балалардың жас, психологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру, мәдени-демалыс, спорттық-сауықтыру және әлеуметтік маңызы бар қызметті ұйымдастыру арқылы ауысым кезеңінде кәмелетке толмағандардың толыққанды демалысын, сауықтырылуын, тәрбиеленуін, дамуын және қауіпсіз болуын қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Кәмелетке толмағандардың Ұйымда демалуы мен сауықтырылуы үшін қауіпсіз әрі қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.
2. Балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, салауатты және қауіпсіз өмір салты дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Балалардың зияткерлік, шығармашылық, азаматтық-патриоттық, экологиялық және мәдени тұрғыдан дамуы үшін жағдайлар жасау.
4. Ауысым қатысушыларының коммуникативтік дағдыларын, көшбасшылық қасиеттерін, бастамашылдығын, дербестігі мен жауапкершілігін дамыту.
5. Қазақстан Республикасының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарына, мәдени мұрасына, тарихы мен дәстүрлеріне құрмет сезімін қалыптастыру.
6. Балалардың білім беру, спорттық, шығармашылық және қоғамдық пайдалы іс-шараларға қатысуы арқылы мазмұнды бос уақытын ұйымдастыру.
7. Әр баланың әлеуметтік бейімделуіне, өзін-өзі жүзеге асыруына және қабілеттерін ашуына жағдай жасау.

Бағдарламаның қысқаша мазмұны:

Бағдарламаның мазмұны білім беру, тәрбиелік, мәдени-демалыс, спорттық-сауықтыру, туристік-өлкетану, экологиялық және шығармашылық бағыттағы іс-шаралар кешенін қамтиды. Ауысым шеңберінде баланың тұлғалық дамуына, денсаулығын нығайтуға және әлеуметтік маңызы бар құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған тақырыптық күндерді, спорттық жарыстарды, зияткерлік ойындарды, шығармашылық шеберханаларды, қызығушылықтар бойынша үйірмелерді, экскурсияларды, мәдени-бұқаралық іс-шараларды, тренингтерді, жобалар мен акцияларды өткізу көзделеді.

Бағдарламаны іске асыру нысандары: тақырыптық ауысымдар; үйірмелер, секциялар және қызығушылықтар бойынша клубтар; шеберлік сыныптары мен шығармашылық шеберханалар; спорттық жарыстар мен сауықтыру іс-шаралары; зияткерлік ойындар, викториналар және квесттер; тренингтер, әңгімелесулер және пікірталас алаңдары; экскурсиялар, жорықтар және туристік-өлкетану іс-шаралары; конкурстар, фестивальдер, концерттер мен көрмелер; ұжымдық шығармашылық жұмыстар; әлеуметтік, экологиялық және патриоттық акциялар мен жобалар.

Бағдарламаны іске асыру мерзімдері: Бағдарлама Ұйымның маусымдық жұмыс істеу кезеңінде іске асырылады және ұзақтығы 10-нан 15 күнтізбелік күнге дейінгі әрбір лагерьлік ауысым барысында (немесе Ұйымның бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес) жүзеге асырылады. Бағдарламаны іске асыру балалардың демалу кезеңінің барлық мерзімі ішінде күн тәртібіне және ауысымның іс-шаралар жоспарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

2. Сөз сөйлеуші: Урунбаева

Ұйымның Бағдарламасы бойынша ұсынылған мақсаттарды, міндеттерді, қысқаша мазмұнын, іске асыру нысандары мен мерзімдерін қолдаймын.

Ұсынылған мақсаттардың, міндеттердің, қысқаша мазмұнның, іске асыру нысандары мен мерзімдерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, балалар мен олардың заңды өкілдерінің қажеттіліктерін, сондай-ақ Ұйым қызметінің қолданыстағы жағдайларын ескере отырып айқындалғанын атап өтемін.

Ұсынылған мақсаттардың, міндеттердің, қысқаша мазмұнның, іске асыру нысандары мен мерзімдерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, балалар мен олардың заңды өкілдерінің қажеттіліктерін, сондай-

ақ Ұйым қызметінің қолданыстағы жағдайларын ескере отырып айқындалғанын атап өтемін.

3. Сөз сөйлеуші: Абдраимова Малика

Бағдарламаның ұсынылған мақсаты, міндеттері, мазмұны, іске асыру нысандары мен мерзімдері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, жүргізілген талдау нәтижелерін және Ұйымның жұмыс істеу жағдайларын ескере отырып айқындалған. Олар кәмелетке толмағандардың сапалы демалысын, сауықтырылуын, тәрбиеленуін және жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың қауіпсіз әрі жайлы демалуына қажетті жағдайлар жасауға бағытталған.

Ұсынылған материалдарды шешім қабылдау үшін жеткілікті деп есептеймін. Бағдарламаның мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, іске асыру нысандары мен мерзімдерін мақұлдауды және оларды белгіленген тәртіппен одан әрі бекітуге ұсынуды ұсынамын.

ШЕШІМ

Бірінші мәселе бойынша:

1. Қазақстан Республикасының білім беру, тәрбие, балаларды сауықтыру және демалысын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін, өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы заңнамаға жүргізілген талдау нәтижелері, кәмелетке толмағандар мен олардың заңды өкілдерінің қажеттіліктеріне жүргізілген талдау, сондай-ақ Ұйымның жұмыс істеу жағдайларына жүргізілген талдау назарға алынсын және Ұйым қызметі кәмелетке толмағандардың демалысын, сауықтырылуын, тәрбиесін ұйымдастыруға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес деп танылсын.
2. Жүргізілген талдау нәтижелері кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламасының мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, іске асыру нысандары мен мерзімдерін айқындау үшін жеткілікті әрі объективті деп мақұлданын және оларды бағдарламаны әзірлеу мен оның мазмұнын қалыптастыру кезінде пайдалану ұсынылсын.

Екінші мәселе бойынша:

1. Ұйымның білім беру-сауықтыру бағдарламасының ұсынылған мақсаты, міндеттері, қысқаша мазмұны, іске асыру нысандары мен мерзімдері мақұлданын.

2. Мақұлданған мақсат, міндеттер, қысқаша мазмұн, іске асыру нысандары мен мерзімдер Ұйымның білім беру-сауықтыру бағдарламасының құрылымына енгізу үшін ұсынылсын.

1. Комиссия төрағасы Урунбаева-Жеке кәсіпкер иесі *Urun*

2. Комиссия мүшелері: Абдраимова Малика-жұмыс тобының жетекшісі *Abdr*

Мирзакулов Талғат -ұйымдастырушы *Mirza*

3. Жылысбаева Парида-лагер басшысы *Pari*

